

Жиһаз интерьері

- **Жиһаз.** Пайдаланылу мақсатына қарай ол қонақ бөлме, жатын бөлме, ас ішетін бөлме, жұмыс істейтін бөлме, сондай-ақ балалар бөлмесі, ас үй, ауыз үй, жуынатын бөлмеге арналып шығарылады. Жиһаздың жекелеген заттары да, жиһаз гарнитурасы да, сондай-ақ бүкіл пәтерге, бір бөлмеге немесе бөлменің бір бөлігіне арналған жиһаздар да болуы мүмкін. Пәтерді жиһаздағанда жиһаз отбасы қажетін өтерліктей, бөлмеге сәйкес және оны тарылтатындай болуы керек.

Жиназ түрлері


тұрақты
жиналмайтын

тасымалдауға
оңай жиналмалы-
құрастырмалы


әмбебап-
құрастырмалы және
құралмалық шешімі
бірнеше

бірінің үстіне бірін
немесе
қатарластырып
қоюға болатын

Пәтердегі түстер үйлесімділігі



Сары, қызғылт сары және қызыл түстер - жылы, сәулелі, белсенді түстер болып есептеледі. Мұндай түстер адамға қуаныш, көтеріңкі көңіл күй, өмірге деген құлшыныс сыйлайды. Бұл түстермен ортақ бөлмелерді, балалар бөлмесін, сондай-ақ жұмыс орнын, асханаларды, яғни күнгі бойы көп уақытыңды өткізетін бөлмелерді бояуға кеңес береді. Егер бөлменің терезесі күн сәулесі түсетін жаққа қараған болса, осы түстермен бояйтын болсақ, бөлме шұғылалы, жайлы бола түседі.



Ашық көк, жасыл, сия түстер адамды тыныштандырады және бөлмені кең етіп көрсетеді. Бұл түстермен демалатын бөлмелерді, және қатты күн сәулесі түсіп, қыздыратын бөлмелерді бояйды.

- **Жарық түсіру.** Қазіргі заманғы пәтерлерді жарықтандыру мәселесін шешудің екі түрлі жолы бар – жалпы және жеткілікті жарықтандырғыш қолдану. Жалпы жарықтандыру бөлмедегі біркелкі жарықты қамтамасыз етеді, оның жарығымен көзге онша күш түспейтін жұмыстармен шұғылдануға болады. Жалпы жарықтандыру шашыраңқы болуы керек. Ол үшін ілмелі шамдарды, жарықты көмескілейтін және шашырататын жабдықтарды қолданады. Оның үстіне әрбір бөлменің неге арналғандығын ескеріп, жергілікті жарықтармен жарықтандыру керек. Жергілікті жарық айна алдындағы адамның дене бітімін және оның көлеңкесін жақсы, анық көрсетуі керек. Ол үшін шамдарды айнаның екі жағынан адамның басымен тұстас етіп орнатады.